

ЭФФЕКТИВНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ

Османова З.Ж., Сержанқызы Ж.

Казахстан, г. Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Резюме. Данная статья отражает подготовку конкурентноспособных специалистов вуза, использование современных технологий в образовании. Особое внимание уделяется организации преподавателем самостоятельной работы студентов.

Ключевые слова. Самостоятельная работа, мотивация, проблема, интеллект.

EFFECTIVE ORGANIZATION OF STUDENTS' INDEPENDENT WORK

Osmanova Z.G., Serzhankyzy Zh.

Kazakhstan, Almaty, Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Summary. This article reflects the preparation of competitive specialists at the university and the extent to which modern technologies are used in education. Particular attention is paid to the work of teachers and students.

Keywords. Independent work, motivation, problem, and intelligence.

Острой формой поиска в области образования и науки стал объем содержания всех реальностей в быстро растущем современном научно-техническом процессе, реализация задач эффективной организации работы в процессе обучения и самообразования. Это связано с тем, что организация студенческого самообучения является ключевым условием для улучшения учебного процесса.

В настоящее время студент должен иметь возможность организовать свой собственный труд наилучшим образом. Профессиональный и квалифицированный специалист должен быть в состоянии самоопределяться, использовать творческие подходы, свободно мыслить, обладать широким кругозором. Основой образования, направленного на развитие такого человека, является процесс самообразования, самодисциплины, самосовершенствования.

Студенческая самостоятельность отличается от других видов деятельности - студент ставит перед собой цель и выбирает пути ее достижения. Самостоятельность, в первую очередь, дополняет другие виды работы. «Никакое знание человека не может дать желаемый результат, если он не станет объектом его деятельности», - говорит Петровский А.В. [2]. Так, например, большинство студентов первого курса демонстрируют очень низкий уровень анализа, систематизации информации. Помимо использования электронной библиотеки, интернет-ресурсов есть также энциклопедии, но многие студенты не умеют работать со словарем. Поэтому помощь обучающимся в самостоятельной работе становится одной из главных целей преподавателя.

Самостоятельная работа студента - это особый вид учебной деятельности, направленный на самореализацию студенческих задач, формирование интереса к познавательной деятельности и накопление знаний в реальной науке. Самостоятельность создает возможности для эффективной и продуктивной работы по развитию творческих способностей и навыков студентов.

Самообучение студентов в высшем образовании осуществляется посредством лекций, практических, лабораторных работ. Лекция обеспечивает 1-й уровень знания и 2-й уровень умственной деятельности: принятие и приобретение знаний. Затем он может применять полученные знания на практике. Преподаватель помогает студенту развивать мотивацию к учебе, стремится интенсивно мотивировать его / ее.

Под наблюдением преподавателя студент:

- формирует навыки в исследовательской работе;
- обобщает и повторяет прошлые материалы;
- дополняет, расширяет знания.

Преподаватель, организуя самостоятельную деятельность студента, учитывает его психофизиологические особенности и академические достижения, и позволяет развивать свою независимость. Самостоятельная работа студентов (СРС) всех высших учебных заведений составляет большую часть учебного плана в соответствии с требованиями профессиональной ориентации. Тем не менее, основные требования для студентов классифицируются следующим образом:

- активизировать творческий потенциал студентов: студенты выполняют свою собственную работу и анализируют научную литературу;
- самообразование и саморазвитие: способность актуализировать творческую активность, желание решать проблемы, улучшить качество профессиональной подготовки и т.д.

Методический подход к аудиторной и самостоятельной работе студента за пределами образовательной организации обеспечивает должным образом организованная материально-техническая база, адекватность своих сотрудников, исполнение своих функций участниками, ответственными за работу студентов.

Отметим, что существует широкий спектр видов самостоятельной работы. Группировка их - очень сложная проблема. Поэтому необходимо учитывать ряд критериев для эффективной

организации самостоятельной работы обучающихся. Часто встречающимися являются типы работ, которые могут быть использованы для реализации целей учебного занятия, а именно:

- освоение новых знаний;
- закрепление новых знаний;
- повторение, контроль и проверка знаний и навыков [6].

Самостоятельное обучение студентов может быть организовано по-разному, в зависимости от их познавательных потребностей. Используя время эффективно, преподаватели должны постоянно заботиться о студенте. Для этого необходимо:

- дать студентам представление о собственной работе;
- представить методы самостоятельного обучения.

Считаем, что значимым шагом в организации самостоятельной работы студентов является создание следующих условий:

1. Предоставление студентам конкретных инструкций;
2. Взаимосвязь между самостоятельной и аудиторной работой;
3. Определение времени завершения работы;
4. Выполнение своей работы добровольно.

Чтобы понять важность самостоятельного обучения студентов, можно отметить основные задачи, которые оно будет выполнять, такие как:

1. Развитие умений самооценки учащихся.
2. Обеспечение точности и надежности их знаний.
3. Формирование навыков и способностей, необходимых для студентов.
4. Интеллектуальное развитие.

Наконец, отметим, что самостоятельность создает огромный импульс для развития творчества и энтузиазма студентов, дает им отличную возможность для достижения целей, которые они преследуют, воспитания настойчивости, мужества и самосовершенствования.

Литература

1. Назарбаев А. Новый Казахстан в Новом Свете // Казахстанская правда. - 1 марта 2007 г. - № 3.
2. Петровский А.В. Общая психология. - М.: Просвещение, 1986. – 464с.
3. Асанов Н. Особенности самостоятельной работы. Алматы, 2004.
4. Исмаилова Р.Б. Самообучение со студентами. Особенности организации // Начальная школа №5, 6-2012, с. 36-37.
5. Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. - Алматы, 1999.
6. Асанов Н. Особенности самостоятельной работы. Алматы, 2004.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Османова З.Ж., Сержанқызы Ж.

Әр ғылымның барлық саласында болмысы білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде студенттердің өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Себебі, студенттердің өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Қазіргі таңда өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс. Студенттің өзіндік жұмысы — болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырады. Осыған орай оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздеп және меңгеруді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өзінің кезекті Жолдауында: «Білім реформасының табысты жүзеге асуының негізгі белгісі- біздің еліміздің азаматы жоғарғы санатты білімді ала отырып, кез-келген елде сұранысқа ие болуында» - деп атап көрсетке болатын [1].

Қазіргі заманымызда қоғамға өз бетімен жұмыс атқаратын, еркін де кеңінен ойлайтын, өздігінен алдына мақсат қойып және оған жетудің әдіс-тәсілін шығармашылықпен анықтап, сондай-ақ қолдана алатын кәсіби-маман тұлғасы болуы керек. Мұндай тұлғаның дамуына бағытталған білім берудің негізі болып тұлғаның өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін жетілдіру үдерісі жатады.

Студенттердің танымдық қызметі барысында өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор. Бұл мәселеге көптеген ғалымдар, мысалы, Ястребова Е.Б., Ерецький М.И., Гарунов М.Г., Блохина Р.А., Сабодашев В.П., Вербицкий А және т.б үлкен мән беріп, зерттеген. Бұл зерттеулердің өзектілігі – студенттердің теориялық және практикалық білімді саналы игеріп, интеллектуалдық қызмет жасай білуге тәрбиелеу болып табылады. Сонымен бірге студенттер жай ғана беріліп жатқан дайын біліммен қаруланып ғана қоймай, білімді тауып, ізденіп алуына, яғни студенттерді оқи білуге үйрету маңыздырақ.

Студенттердің өздік жұмысының (СӨЖ) басқа жұмыстардан ерекшелігі – студент өз алдына мақсат қояды, оған жету үшін жұмыс түрін, тапсырманы таңдайды.

«Өзіндік жұмыс» бәрінен бұрын басқа оқу жұмыс түрлерінің міндеттерін аяқтайды. Адамның ешбір білімі, егер де ол өзінің қызметінің объектісіне айналмаса, қажетті нәтиже бере алмайды, - дейді Петровский А.В [2]. Өзіндік жұмыс жасай білудің негізі, алғашқы дағдысы мектепте қалануы тиіс, мектептен жаңа оқу орнына келген студент, өз бетімен жұмыс жасау қабілеттілігі

төменділігінен, жұмыс жасау тәсілдерін білмегендігінен көп қиналады. Мысалы, 1-курс студенттерінің көпшілігінде материалды талдау, жүйелеу, амал-тәсілді қолдану дағдылары өте төмен. Электронды кітапхана, интернет ресурстарын пайдаланумен қатар, энциклопедия, сөздікпен жұмыс жасау дағдысы жоқ студенттер де кездеседі. Сондықтан да, студенттердің өзіндік жұмыс жасауына көмек беру оқытушының негізгі міндеттерінің біріне айналады. Ал қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті тұлғаларды қажет етеді. Білім беру жүйесінің даму деңгейі қоғамдық дамудың дәрежесі. Осы заманғы ақпараттық технологиясын игеру болашақ мұғалімдерді даярлау ісінде міндетті кілт деуге болады.

Инновациялық білім беру – тұлғаға бағытталу, білім берудің негізділігі, шығармашылық, кәсіби бағдар, ақпараттық технологияларды қолдану деген түсініктердің жиынтығы. Сондықтан оқытушыны студенттердің қандай қасиеттерін, сапаларын дамыту керек, қалайша өзін-өзі дамыта білуіне көмектесуге болады деген сұрақтар толғантуы керек. Студенттердің ең алдымен, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу, өз білімін жетілдіру, өзін-өзі бақылау мен бағалау әдет-дағдысын қалыптастыру тұлғаның шыңға (акме-шын, акмеология) жету жолы болмақ.

Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі. Өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің өздік жұмысы оқыту лекция, практикалық, лабораториялық жұмыстар арқылы жүзеге асады. Лекция ақыл-ой әрекетінің тек 1-деңгейін, (тану) және біліммен танысу деңгейін қамтамасыз етеді. Ал СӨЖ ақыл-ой әрекетінің 2-деңгейін: қабылдау мен қайта жаңғырту және білім көшірмесін игеруін қамтамасыз етеді. Одан әрі ол алған білімді практикада қолдану, ептілік, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады. Оқытушы студенттің білім алуға деген мотивін дамытуға, ішкі ынта-ықыласымен білім алуға ұмтылуына көмектеседі.

Оқытушының бақылауымен студент:

- Зерттеушілік іскерлігімен дағдысын қалыптастырады;
- Өткен материалдарды жалпылай алу және қайталау;
- Алған білімді қолдану, оларды толықтыру, кеңейту дағдысын қалыптастырады;
- Оқытушы студенттің психофизиологиялық және академиялық үлгерімін ескере отырып, өз бетімен жұмыс жасауға бағыт-бағдар беріп, олардың дербестігінің дамуына мүмкіндік жасайды.
- Студентпен бірлескен іс-әрекет барысында оқытушы – студенттің уақытын тиімді пайдалануға беретін түсіндірмелі-иллюстративті (схема, таблица, тезис, т.б.) материалдарды қолдануды үйрету, қажетті әдебиетті іздеу жолдарын көрсету;
- Өзіндік белсенділігін, дербестігін дамыту үшін проблемалық баяндау, шығармашылық ізденіс әдістерін қолданған дұрыс.
- Оқытушы студентке жеке тапсырма таңдауға (курстық жұмыс, реферат, ғылыми баяндама, үлгі сабақ жоспарын құруға) көмектеседі.
- Әдебиеттермен қамтамасыз етуге, олармен жұмыс жасай білуге;
- Тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырма орындау жолдарын қолдана білуге үйретеді;
- Жеке не бірнеше студентке кеңес береді, студенттердің бір-бірімен жұмыс жасауын үйлестіреді.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ) барлық оқу бағдарламасының басым бөлігін құрағандықтан, оның тиімді болуы маманның кәсіби бағыттылығының талаптарына сай жасалған өздік жұмысты ұйымдастыру үлгісінің дұрыс құрылуына байланысты болады. Алайда студентке қойылатын негізгі талаптар төмендегідей жіктелініп көрсетіледі:

- Студенттің шығармашылық потенциалын белсендіру: студент оқу тапсырмасын өз бетінше орындау барысында ғылыми әдебиеттермен, әдістемелерді талдаумен танысу және шығармашылық технологиясын меңгеуді жүзеге асырады.
- Өз бетінше білім алу және өзіндік дамуға ынтасын тәрбиелеу: шығармашылық белсенділігін қабілетін белсендіру, кәсіби даярлық қасиетін жоғарылату, кәсіби тапсырмаларды шешу барысында шығармашылық бағытын дамыту, жалпы және жеке дара зерттеу әдіс-тәсілдерін меңгеру т.б.
- Оқу іс-әрекетке деген мотивациясын жоғарылату: білім беру үдерісінде тұлғаның позициясын белсендіру, субъективті жаңа білімдердің негізгі қатынасы, яғни білімді өз бетінше алу функциясы, нақты студент үшін жаңа және тұлғалық маңыздылығы.
- Танымдық белсенділікті дамыту: өз бетінше ойлауға талпынысы, қандай да бір тапсырманы немесе мәселені шешуде өзіндік бағытты табу, өз бетінше білім алуға тырысуы, пікірлерді сыни тұрғыдан қалыптастыру, оқу процесіндегі оқу-танымдық үдеріс белсенділігінде студенттердің оқыту әдісінің белсенділігі жанама қызығушылығымен басымдылық танытып, жүзеге асады.

Студенттердің өзіндік жұмыс жасаудағы қабілеттерін қалыптастыру міндетін орындауда бүкіл педагогикалық ұжым үшін проблема туындайды. Ол осы жұмыс мазмұнына оқушыларды мақсатты түрде, әсіресе студенттерді оқытуда болып табылады. Мұндай оқыту оқу іс-әрекетінің өзінің модельдеу тәсілдерін қалып-тастыруды, студенттердің ең қолайлы күн тәртібін анықтауларын, оқу материалымен жұмыс істеудің ұтымды тәсілдерін саналы аңғаруын және оны кейіннен өңдеуін, терең, сонымен бірге тез оқу амалдарын игеруді, түрлі әрекеттердің, конспектілердің, оқу-практикалық міндеттерді қою мен шешудің жоспарын құруды қамтиды. Осы тұрғыда А.К. Маркова ұсынған оқу жұмысының тәсілдері үлкен қызығушылық тудыруы мүмкін [3]:

- «мәтінді мағыналық қайта өңдеу тәсілдері, оқу материалын үлкейту, оның ішінен бастапқы идеяларды, ұстанымдарды, заңдарды бөліп көрсету, міндетті орын-даудың жалпыланған тәсілдерін саналау, мектеп оқушыларының белгілі бір санаттағы міндеттер жүйесін өз бетінше құру;
- оқу мәдениетінің (мысалы, ірі синтагмалар мен «динамикалық оқу») және тыңдау мәдениетінің тәсілдері, қысқа және неғұрлым ұтымды жазу тәсілдері (жазып алу, жоспарлар, тезистер, конспект, аннотация, реферат, рецензия, кітаппен жұмыстың жалпы тәсілдері);
- есте сақтап қалудың жалпы тәсілдері (оқу материалын құрылымдау, бейнелі және есту естеріне сүйене отырып мнемотехниканың ерекше тәсілдерін қолдану);
- зейінді шоғырландыру тәсілдері, яғни студенттің өзіндік қадағалаудың әр түрлерін пайдалануына, өз жұмысын сатылап тексеруге, тексеру тәртібін, «бірліктерін» бөлуге сүйенетін
- қосымша ақпаратты іздеудің жалпы тәсілдері (библиографиялық материалдармен, анықтамалар, каталогтар, сөздіктер, энциклопедиялармен жұмыс) және оларды үйдегі кітапханада сақтау;
- емтиханға, сынаққа, семинарларға, зертханалық сабақтарға дайындалу тәсіл-дері; уақытты ұтымды ұйымдастыру, оны есептеу мен жұмсаудың, еңбек пен оқуды, ауызша және жазбаша қиын тапсыр-маларды дұрыс кезектеп отыру, еңбек гигиенасының жалпы ережелерінің (режим, серуен, жұмыс орнындағы тәртіп, оның жарықтығы, т.б.) тәсілдері». Бұл жерде ақыл-ой еңбегін ұйымдастырудың жалпы тәсілдері де, оқу жұмысының нақты тәсілдері де, мысалы, мәтінмен жұмыс істеу келтірілгені айқын.

Соңғылардың қалыптасқандығы студенттердің барлық оқу пәндері бойынша өзіндік жұмыстарының негізгі алғышарттарының бірі және де негізі болады.

Демек, жалпы студенттердің өзіндік жұмысы - оқу іс-әрекеті тұрғысынан, сыныптық оқу іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыруға негізделеді. Соның ішінде бұл оқытушының сыртқы қадағалауынан студенттің өзін-өзі қадағалауына және де сыртқы бағалаудан оның өзін-өзі бағалауының қалыптасуына өтуі мен олардың байланысына қатысты және бұл, өз кезегінде, оқытушының бақылау мен бағалауды жетілдіруін ұйғарады. Өздік жұмыстың тиімді ұйым-дастырылуы тек өздік жұмыстың жүйесіне ғана емес, сонымен қатар педагогикалық шарттардың орындалуына да байланысты [4]:

- Студенттің аудиториядағы және өздік жұмысының көлемінің дұрыс үйлесімі, студенттің оқу жүктемесінің тиімді болуы, сабақ кестесінің дұрыс құрылуы, оқытушының өздік жұмыстың күрделілігін анықтауда студенттің уақытын, орындау мүмкіндігін, оқу әдістемелік әдебиетпен қамтылуын ескеруі студенттің өздік жұмыс нәтижесіне үлкен әсер етеді.

- Әдістемелік тұрғыдан студенттің аудиториядағы және одан тыс өздік жұмысын дұрыс ұйымдастыру, өздік жұмысты орындауға оқу орынның материалдық-техникалық базасының, оның қызметкерлерінің лайықтылығы. Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруға қатысушылардың өз қызметтерін дұрыс атқаруы.

- Студенттердің өздік жұмысының процесін шығармашылық процеске айналдыру мақсатында студентті қажетті әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету. Оқу орынның кітапханаларында қажетті оқу әдебиеттерінің қорының, электрондық оқу құралдары мен электронды оқыту бағдарламасының және қазіргі таңдағы мықты ақпарат көздерінің бірі – интернеттің болуы. Оқу процесінің компьютерленуі студенттің өздігінен білім алуына және ақпарат көздерімен жұмыс жасауына, өзіндік бақылау жасауына, уақытын үнемді пайдалануына жағдай туғызады. Сондықтан өздік жұмысты тиімді қолдануда мазмұнды динамикалық түрде өзгертуге және соңғы ғылыми жаңалықтармен жаңартуға болатын, әрі қолданысқа икемді электронды оқулықтардың маңызы зор [5].

- Студент пен оқытушы арасындағы қатынасты студент белсенділігімен оның өз бетімен білім алуға ұмтылуы бағытына өзгерту жұмыстарын ұйымдастыру, сондай-ақ соған сәйкес студенттің өздік жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдіс-терін, формаларын, түрлерін, құралдарын дұрыс таңдау және қолдану студенттің өздік жұмыс нәтижесіне ықпал жасайды. Студенттердің өздік жұмысының тиімділігін және оны орындауға студенттің ынтасын арттыруда дидактикалық құралдары мен жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор. Әр өздік жұмыстың мақсаты айқын, түсінікті, оның көлемі мен мазмұны оқу мақсатына сай, студентті орындауға ынталандыратындай жасалып, оны орындауға студенттің жағдайы мен мүмкіндігі болуы тиіс. Студенттің өздік жұмысының тапсырмалары алған білімді жаңа жағдаятта қолдануды, жаңадан өздігінен білім алуды қажет ететіндей, студенттің танымдық қабілеттерін арттыратындай болуы қажет.

- Студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруға, яғни оқу формасына (күндізгі, сырттай), білім деңгейіне, оқу курсына, мамандыққа, пәнге, орындалу орнына байланысты ерекшеліктерді ескеру.

- Студенттің өздік жұмыс мәселелерін шешуде білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ашуға, ой қабілеттерін дамытуға жағдайлар жасау. Мұның өзі студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру үлгісін жүзеге асырумен тікелей байланысты. Нәтижесінде өздігінен жұмыс жасау, өз бетінше білім алу, өз кәсіби әрекетінде ғылыми ізденіс жасау іскерлігі мен дағдысы, аналитикалық ойлауы қалыптасқан, өз әрекетін басқара алатын, өз жұмысының нәтижесінде өзіндік бақылау жасайтын студенттің шығар-машылық тұлғасы қалыптасады.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру-өте күрделі мәселе. Сондықтан студенттердің өзіндік жұмыстарын таныстыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру керек. Оқытудың мақсат міндеттеріне және пәннің мазмұнына, оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, студенттің даму дәрежесіне қарай өзіндік жұмыстарды бірнеше топқа бөлуге болады. Оның негізгі жиі кездесетін бір тобы — сабақ мақсатына қарай қолданылатын жұмыстың түрлері [6].

Олар мыналар:

- жаңа білімді меңгеруі;
- жаңа білімді бекіту;
- білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру.

Студенттердің жұмыстарының барлық топтарын оқытушы оқыту барысында жүйелі түрде әрқайсысын өзіне тиісті жерінде қолдануға міндетті және оның бір ерекшелігі – оқыту үрдісінің барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Сондай-ақ студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстары олардың таным, іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне қарай әр түрлі бағытта ұйымдастыруға болады. Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет. Ол үшін мынадай міндеттер орындалу керек:

- Студенттерге өзіндік жұмыстар туралы түсінік беру.
- Студенттердің өз бетімен тапсырма орындау әдістерін таныстыру.

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:

1. Оқытушының нақты тапсырмалар беруі;
2. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың дербестігінің өзара байланысы;
3. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеу;
4. Олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы студенттердің іс-әрекетінің дербестігі артады. Студенттің өзіндік жұмысы- кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс- студенттің ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған. Жоғарғы мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы- оқыту жұмысының әдісі және оқушылардың жеке деңгейі болып табылады. Сонымен қатар, студенттердің өзіндік жұмыстарының тәрбиелік мағынасы өте зор. Өйткені, бұл жұмыс студенттің білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманды тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Студенттің өзіндік жұмысын белсендірудің тәсілдері ұйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге, студенттің өзіндік жұмысының формалары мен ұйымдастыру құралдарына байланысты. Өзіндік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білу және студенттердің дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы- осы жұмыстың белгілері болып табылады. Студенттердің өзіндік жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін, оның атқаратын негізі мен міндеттерін атап өткен жөн болар.

1. Студенттердің дербестік қабілетін мейлінше арттыру.
2. Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.
3. Студенттерге оқуға қажет біліктер мен дағдыларды қалыптастыру.
4. Таным ақыл-ой қабілетін дамыту.

Қорыта келе, өзіндік жұмыс студенттердің шығармашылық әрекеті мен ынтасын дамытуда зор әсер білдіреді, қайсарлық, табандылық, батылдыққа тәрбиелеуде және қалыптастыруда көздеген мақсатқа жетуге және жеке тұлғаны сапалық қасиеттерін жетілдіруге зор мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан.// Казахстанская правда. – 1 наурыз 2007. -№3.
2. Петровский А.В. Общая психология. – М.: Просвещение, 1986. – с.464.
3. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері.-Алматы, 2004.
4. Исмаилова Р.Б. Студенттермен жүргізілетін өзіндік жұмыстарды ұйымдастырудың ерекшеліктері.//Бастауыш мектеп.- №5,6-2012, Б.36-37.
5. Абдукаримова У. Самостоятельная работа студентов. -Алматы, 1999.
6. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004.

УДК 37.03

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ ЛИЧНОСТИ

Кыякбаева У.К.

Казахстан, г. Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Резюме. В статье рассказывается о лидерских способностях в межгрупповых отношениях, а групповые действия рассматриваются, как важный аспект освоения социальных ценностей личности. Анализируя авторитарный, демократический и популистский стили, описываются лидерские качества. Лидер изначально является членом группы, избирается группой для решения конкретных задач. В отличие от других членов группы лидер имеет более высокий уровень коммуникативных и организаторских способностей. Формирование лидерских качеств личности способствует успешной реализации человека в системе социальных отношений.

Ключевые слова. Лидер, взаимоотношения, авторитарный, демократический, популистский стили, теория лидерства.